

2023 жылғы Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы

Шығарылған күні: 11.04.2024


Келесі шығарылым күні: 12.03.2025

1. Түйінді тұстар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар

- Туғандар саны 388,4 мың адамды құрады;
- Қайтыс болғандар саны 130,7 мың адамды құрады;
- Халықтың табиғи өсімі 257,7 мың адамды құрады;
- 120,9 мың неке тіркелді;
- 40,2 мың ажырасу тіркелді.

мың адам




Электрондық кестелер

[2023 жылғы халықтың табиғи қозғалысы](#)

Халықтың табиғи қозғалысының жалпы коэффициенттері

1000 адамға



Туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау (1000 тұрғынға 26,74 адам), Түркістан облыстарында (1000 тұрғынға 26,18 адам) және Шымкент қаласында (1000 тұрғынға 25,70 адам) байқалды. Бала туудың негізгі үлесі 30-34 жас аралығындағы әйелдерге тиесілі және 26,2% құрады, 25-29 жас аралығы – 28,9%.

Өлім-жітімнің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында (1000 тұрғынға 11,11), Шығыс Қазақстан облысында (1000 тұрғынға 11,03) және Қостанай облысында (1000 тұрғынға 10,07) байқалды, бұл осы облыстар халқының жас құрылымына байланысты.

Өлімнің негізгі себептері: қан айналымы жүйесі аурулары – 22%, ісіктер – 10,5%, тыныс алу органдары аурулары – 9,9%, жазатайым оқиғалар, улану және жарақаттану - 8,4% және ас қорыту аурулары – 8,1%. 2023 жылы 5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалардың саны 3 894 құрады, балалар өлімі 1000 туғандарға 10,03 құрады. 1 жасқа дейінгі қайтыс болғандар саны 2 998 нәрестені құрады, нәресте өлімі 1000 тірі туғандарға шаққанда 7,67 құрады.

2. Динамикалық кестелер

жылдар бойынша:

[Халықтың табиғи өсімі \(кемюі\)](#)

[Туғандар](#)

[Қайтыс болғандар](#)

[Некелер](#)

[Ажырасулар](#)

айлар бойынша:

[Халықтың табиғи өсімі \(кемюі\)](#)

[Туғандар](#)

[Қайтыс болғандар](#)

[Некелер](#)

[Ажырасулар](#)

3. Глоссарий

Халықтың табиғи өсуі – елгілі бір кезеңде тірі туғандар мен өлгендер санының арасындағы айырмашылығына тең;

Туу - осы елді мекендегі бала туудың жиілігімен және сипаттамасымен (анасының жасы, бала туудың кезектілігі және т.б.) анықталады;

Өлім-жітім – бұл халықтың әртүрлі жастарында орын алған көптеген жекелеген өлімнен тұратын ұрпақтың жойылу процесі;

Өлім себебі – өлімге әкеп соқтырған немесе оған алып келген аурулар, патологиялық жағдайлар немесе жарақаттар, сондай-ақ өліммен аяқталған жарақатты алған жазатайым оқиға немесе зорлық-зомбылық оқиғалары;

Репродуктивті кезең (жас) – әйел босануға қабілетті уақыт кезеңі. Статистикалық мақсаттар үшін көптеген елдерде 15-49 жыл кезеңі болжанады;

Халықты көбейту - туу мен өлім-жітімді өзара әрекеттесу нәтижесінде адамдардың ұрпақтарын үздіксіз жаңарту процесі;

Некелесу – халықта неке (ерлі-зайыптылық) жұптарын құру үдерісі;

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу – ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша оны бұзу жолымен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысының өтініші бойынша тоқтатылуы.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халықтың табиғи қозғалысы жөніндегі деректер АХАТ органдарында тіркелген азаматтық хал актілерінің жазулары негізінде жиналады және өңделеді. Туғандар санына тек тірі туғандар енгізілген.

Қазақстанда «тірі туу» және «өлі туу» ұғымы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) ұсынымдарына сәйкес келеді.

Тірі туу (ДДҰ анықтамасы бойынша) – жүктілік ұзақтығына қарамастан ұрықтану өнімін ананың ағзасынан толық алу немесе шығарып алу, бұл ретте мұндай бөлінуден кейін ұрық тыныс алады немесе жүрек соғуы, кіндікбауы кесілген немесе кесілмегеніне және плацента бөлінгені немесе бөлінбегеніне қарамастан, кіндікбау тамырының соғуы немесе бұлшықеттердің еркін қимылы сияқты өмірдің басқа белгілерін көрсетеді.

Табиғи өсімнің коэффициенті – туу мен өлім-жітімнің жалпы коэффициенттерінің айырмасы.

Туудың жалпы коэффициенті – бала туу қарқындылығының барлық халыққа қатынасы бойынша анықталатын көрсеткіш. Кезең бойына тірі туғандардың жалпы санының халықтың кезеңдік орташа санына қатынасын көрсетеді. Әдетте, 1000 халыққа шаққанда есептеледі.

Өлімнің жалпы коэффициенті – халықтың өлімінің қарқындылығын анықтайтын көрсеткіш. Кезең бойына өлгендердің жалпы санының халықтың кезеңдік орташа санына қатынасын көрсетеді. Әдетте 1000 халыққа шаққанда есептеледі.

Нәресте өлімінің коэффициенті – 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің деңгейін анықтайтын көрсеткіш. 1 жасқа дейінгі өлгендер саны тірі туғандар санына қатынасымен есептеледі. Нәрестелер өлімі коэффициенті 1000 тірі туғандарға есептеледі.

Некелер туралы мәліметтер АХАТ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің деректерін жыл сайынғы статистикалық өңдеу негізінде алынған. Кестедегі деректер АХАТ органдарында тіркелген неке жағдайларын ғана қамтиды.

Ажырасулар (некенің бұзылуы) туралы мәліметтер АХАТ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің деректерін, сондай-ақ некенің бұзылуы туралы со шешімдерін жыл сайынғы статистикалық өңдеу негізінде алынған.

Неке мен ажырасудың жалпы коэффициенттері халықтың орташа санында күнтізбелік бір кезеңде тиісінше некелескендер және ажырасқандар санының қатынасымен есептеледі.

5. Пайдалы сілтемелер

[Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Өлім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Неке \(ерлі-зайыптылық\) және некені \(ерлі-зайыптылықты\)бұзу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Халықтың табиғи қозғалысы, сапа туралы есеп](#)

[Жас топтары бойынша туу коэффициенттері, сапа туралы есеп](#)

[Халықтың табиғи қозғалысы, «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Жауапты шығарушы: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Е. Көпес Тел. +7 7172 749805 E-mail: er.kopes@aspire.gov.kz	Мекенжайы: 010000, Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--
